



МҰЗДАҚТАР (АЙСБЕРГТЕР)

Мұздарға гидросфера мен литосфераның жоғарғы бөлігінде кездесетін мұздықтар, ұзақ жылдар бойы қабатталып жиналған қар, су беті, жер асты мұздары, шельфтік мұздар, мұхиттарда кездесетін қалқыма-ықпа мұздар (айсбергтер) жатады. Олар жербетілік, теңіздік және жерастылық болып бөлінеді. Жер бетінде кездесетін мұздар құрлықта, теңіз жағалауларында (шельфтерде) ондаған, жүздеген мың жылдар бойы қалыптасады; қардың қайта кристалдануынан, еріген судың қатуына байланысты пайда болған атмосфералық фирндер мен мұздардың табиғи жиынтығы болып саналады.

Жербетілік мұздардың құралуына ғасырлық орташа температураның $5—7^{\circ}\text{C}$ -ка төмендеуі және осыған сәйкес климат ылғалдылығының артуы себепші болады. Температураның осындай ауытқуларына байланысты полярлық және қоңыржай ендіктерде мұзды аймақтар қалыптасады.

Жербетілік мұздар құрлықтарда атмосфералық ылғалдықтың артуына, дүниежүзілік мұхит деңгейінің төмендеуіне (120 м-ге дейін) әсерін тигізеді.


Мұздықтар — жер бетіндегі кішігірім шағын мұздардың жиынтығы. Олар қатты күйдегі атмосфералық (қар мен бұршақ) жауын-шашынның жалпы мөлшері, оның еріген және ауаға буланған үлесінен артық болған жағдайда, тау беткейлерінің қарлы жиегінен жоғары орналасқан бөлігінде пайда болады. Жер шарындағы бүкіл мұздықтардың жалпы көлемі 30 млн. км³, ал олардың ауданы — 16,3 млн. км², яғни жалпы құрлық ауданының 11 %-і. Таулық мұздықтар — биік тауларда қалыптасып, тау шыңдарын, шатқалдарды, кең ойықтар мен түрлі ойдымдарды қамтиды

A white callout bubble with a black border containing the text "10%".

10%

A white callout bubble with a black border containing the text "90%".


90%

A photograph of a snowy mountain landscape. In the foreground, two hikers wearing orange helmets and winter gear are visible, one standing and one walking. The ground is covered in snow and ice. In the background, there are large, jagged rock formations and a prominent, sharp mountain peak under a clear blue sky.


Қазіргі уақытта мұздар жер бетінің 11%-ін алып жатыр. Олардың ішінде полярлық аймақтардың үлесіне — 98,5%, ал қалған 1,5%-і биік таулы өлкелердің үлесіне тиеді. Сонымен, мұздықтардың атқаратын геологиялық қызметі тау жыныс-тарын бұзу және үгілу заттарын жаңа орындарға тасымалдап, қолайлы бір орындарға жинақтау болып саналады.

Мұздықтардың бұзушылық әрекеті “экзарация” (латынша “экзарацио” жырту деген мағынада) деп аталады.

Экзарациялық әрекеттің нәтижесінде кар, трог, қоймандай тас, бұйра толқын күз жартастар түріндегі бедер пішіндері пайда болады.



Жербетілік мұздар жамылғы мұздықтар және таулық мұздықтар болып ажыратылады. Теңіздік мұздар ұзақ жылдар бойы жүзіп жүретін қалқыма мұздықтардан (айсбергтерден) құралады. Олар өздігінен де және құрлықтағы мұздармен де байланысты дамиды. Мысалы, Солтүстік мұзды мұхиттың мұз жамылғысы, Оңтүстік жарты шардың ықпа мұздары, шельф мұздары, айсбергтер.

A large, jagged iceberg with a prominent peak, floating in a body of water. The ice is white and blue, with some internal fractures visible. The water is a deep teal color. The background is a clear, light blue sky.

Жерастылық мұздар көп жылдар бойы қатып,
тоң болып жатқан тау жыныстарын қамтиды.
Жердің даму
тарихында мұз басу дәуірлері протерозой,
палеозой, кайнозой эраларын қамтиды.
Төменгі антропогенде березин,
ока, ортаңғы антропогенде днепр, москва,
карель, осташков, сартан мұз басулары және
скандинавия, жаңа жер,
солтүстік орал, канада және т. б. мұзбасу
орталықтары болған.

Назарларыңызға рахмәт

